

2020-2021 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 342 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 6844 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2020–2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің

2020 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 342

қаулысына қосымша

2020 – 2021 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

					Жоғарғы білім негізіндегі	О қ у жылындағы б і р	
--	--	--	--	--	------------------------------	-----------------------------	--

№	Оқу орындарының атауы	Білім беру саласының коды және сыныптамасы	Даярлау бағытының коды және сыныптамасы	Оқыту тілі	мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, күндізгі оқыту нысаны (орындар, гранттар саны)	студентті оқыту шығынының орташа құны (теңге)		Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі
						4 айға	8 айға	
1.	"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 1 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 1 1 Денсаулық сақтау	орыс	34	271 800	543 700	"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 1 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 1 1 Денсаулық сақтау	орыс	1	271 800	543 700	
3	"С . Ж . Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7 R 0 1 Денсаулық сақтау медицина)	7 R 0 1 1 Денсаулық сақтау	орыс	4	4 айға 478 464	6 айға 717 696	
Барлығы					39			